

Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Университетінің

«6B01561 – География-Тарих» мамандығы бойынша география және тарих мұғалімдерін дайындау оқу бағдарламасына

ПІКІР

«6B01561 – География-Тарих» мамандығы бойынша оқыту бағдарламасының мақсаты кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар жоғары білікті география және тарих мұғалімдерін даярлау болып табылады.

Оқу бағдарламасының міндеттері дайындалатын мамандардың кәсіби қызметте қажетті іргелі білімді, дағдыларды және құзыреттерді қалыптастыруына жағдайлар жасайды. Бағдарламада пәннің тілдік мақсаттарына және көптілді оқыту негіздеріне, әмбебап және әлеуметтік-жеке құндылықтарды, физикалық және этикалық құқықтық мәдениетті және ойлау мәдениетін қалыптастыруға, патриоттық рухты тәрбиелеуге, Қазақстан халықтарының достығы, толеранттылыққа басты назар аударылған.

Бағдарламаны құрастырушылар география және тарих пәндері бойынша Назарбаев Зияткерлік мектебінің NIS Program оқу бағдарламасын толыққанды зерттеді.

«Рухани жаңғыру және Мәңгілік ел құндылықтары» пәні білім алушыға Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын түбегейлі, әрі терең зерделеу, ұлттық сана-сезімнің, ұлттық рухтың, патриотизм рухының, тарихи сана мен әлеуметтік жадының, кәсібилік пен бәсекеге қабілеттілік рухының жоғары дамуына септігін тигізеді.

«Жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы» профильді пәнінде білім алушылар тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени салаларының дамуын меңгеріп, тарихи деректерді талдап, өзіндік ой пікірін дәлелдей алады.

«6B01561 – География-Тарих» мамандығы бойынша география және тарих мұғалімдерін дайындау оқу бағдарламасын қолданысқа енгізуге болады деп есептеймін.

Пікір берген:

Павлодар қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих пәні мұғалім-модераторы: Л.А.Байханова

16.05. 2019 жыл

КАДР БӨЛІМІ

